# КОНТР ОНЫНШЫ АУЫЛДА

**Төрехан МАЙБАС,**
жазушы.

**I**

**Пайғамбарымыздың с.ғ.с. сақабаларынан Сайд бин әл-Мүсайибтің әкесі Хизи Расулулламен кездескенде:**

**- Атыңыз кім?- деп сұрайды.**

**- Хизи, - деп жауап береді ол.**

**Бұл сөз «қайғы» деген мағынаны береді.**

**- Сіздін атыңыз Сәһіл болсын, - дейді.**

**Сәһіл жеңілдік деген сөз.**

**- Жоқ, әкем қойған есімді өзгертпеймін, - дейді ол.**

**Солайынша Хизи өмірінің соңына дейін өз атымен қалды.**

**Кейін Хизидін ұлы Сайд:**

**- Әкем атын өзгертпеді, ал біз қайғыдан еш құтылмадық, - депті.**

Ат тергеуге бабаларымыз шікәмшілдікпен қараған. Есімі дұрыс қойылмаса балаға да, тергеушіге де қауіп. Осы кеп біздің Шөлкен бабамыздың да басына түсіпті. Жалғызы Қалиының соңынан қара ермей қойыпты.

Обалы нешік, шешеміз баланы балағынан саулатыпты. Алайда ешқайсымына жарық күнде бес күн тұрмаған.

Содан шешеміз тағы да жерік болады. Дүниеге сәби келгенде Шөлкен бабамыз немересінің құлағына Қайырберді деп айқайлайды.Одан кейін жыл аралатып келген атұстардың есімін Рақымберді қояды. Таймінер кенжесі Аллабердіні де мағынасында атбегі болатын. Екі үй тіксе бірінде күлігі, екіншісінде өзі тұрды. Кернейдің Түйте атасына біткен аттарды жаратушы осы кісі болды. Тепең жылының алдында бір үлкен ас өткен. Сол аста Түйтенің Көкшағыры мен Ақшағыры алдына қара салмай қарақшыдан іркес тіркес өткен. Осыдан кейін оның басына қара бұлт тұрған. Ол барған сайын қоюлана берген.

Ат жаратушыдан жау үзілмеген. Бірсылқым келіншектің қолынан қымыз ішіп тұрып, қайтпас сапарға аттанады.

Мұсылман баласының маңдайына,оның ішінде қазаққа жесірлік пен жетімдік деген жазылма-



лардың арасында Ноғайдың аталасы, Өпеде (Уфа) оқыған Ғайса Тоқтарбек баласының есімі білініп тұрды. Сол «Ғалия» медресесінде оқыған Дияқажы ауылда мектеп ашты.

Ғайса Қали әкесімен айтақырда бірге асық атқан панадос болатын. Сол кісіге ілесіп жүріп Қарқаралыдағы оқуға табан іліктірген.

Осында жүріп ширады. Осындағы ауылдастары, аталастары, кейін алашшыл болған Бодаубек Райымбек, Мұхамедкәрім Ахмет, Әбубәкір Құрман, мемлекет қайраткерлері болған Орынбек Бек, Рақымжан Мақаш, Сыдан Өтен және Жүсіп Алтайбайдың тәлім тәрбиесін көрді. Оның ішінде Жүсекең жақын еді. Ол кісі өзінен он жас үлкен болатын. Сол кісінің Қолыма, Оймякан, Верхоянск, Сахалин сынды жерлерде кен өндіреді. «Сибдаль» шахтасында забойшы болады.

Сол айдауда жүріп Мұханың сөзі есіне түсіп хат жазады. Сол кісінің араласуымен кейін 40-шы жылы ақталып шығады. Мынау сонда жүріп жазған соңғы өлеңі екен:

Сабау түртсе тулақта
ши қозғалған,
Тұңғиыққа түн батып,
күндер озған.
Қауырсынға айналған
қайран көңіл,
Кірбіңіне ми шаршап,
жүйке тозған.
Қызуына қызыл шоқ
шіл қайнатқан,
Күрмеуіне шылбырдың
тіл байлатқан.
Ту сыртымнан кетпестей жала жауып,
Итжеккенге кім екен
мені айдатқан?
Жерім алыс.
Жаяумын.
Жете алмаймын,
Қашсам дағы құтылып
кете алмаймын.
Титығыма жеткенмен
темір қоршау,
Арып - ашып қайғымен
тек қалмайын.
Құс ұшпайды көгінен,
мен қыстайын,
Бір қыс кетсе жерінен
бір қыс дайын.
Верхоян мен Оймакан
жанға тозақ,
Болсаң дағы жантайып

өткен бәйгеде Көкшағырдың бірінші орын алғанын жоғарыда айттық. Сол Көкшағырда шапқан бала осы Ноғай әкеміз дейді. Ол кезде небәрі бес жаста екен.

Не нәрсе болса да тамырына бойлайды емес пе? Ноғай әкеміз де атбегі болды. Ақтоғай өңіріне аты шыққан Бурылат, Үлкенқара, Кішіқара сынды күліктерді осы кісі жаратып, бәйгелерден кел-тірген.

Әке өнегесі балаларында қалды. Көпжақсы, Малқабыл, Серқабыл, Майра, Болаты үлкен азаматтар болып жетілді. Кейінгісі әке жолымен қалам қайратын көрсетіп жүр. Әке сайрағымен қоғамдық өмірде белсенділік танытуда. «Ауыл» партиясының облыстық филиалының іргетасын қалаушы.

Шариғатта пендесіне Аллаһтың есімін қоюға тиым салынбаған. Мұндай жағдайда есімнің алдына «әбду» сөзін қосып айту керек болады.Әбду-құл деген сөз.Салғи әкеміз Рақымберді баласының есімін Ноғай атамай Әбдірақым, Аллаберді баласының есімін Қазақ атамай Әбділда деп тергегенде не болар еді?.. Менікі жай, жеңілдік болар ма еді деген ой ғой.

көріп кетеді. Оның да есімін өзі тергейді. Жалғыз қыздың құлағына Айша деп сыбырлайды.

Шариғат өкім еткен бір шындық осы жерден шығады. Мұсылмандарға Раббымыздың сипатымен атауға болмайды. Ал, ол көркем сипаттың тоқсан тоғызы екені белгілі.

Дүниеден өтерінде сол Шөлкен бабамыз айтқан екен:

Басқа амалы болмады. Бұл балалар біздікі емес. Раббымдікі. Аттары солай тергелген. Тілдері кәлимаға келгенде қайта тергеңдер. Пендесіне раббымның есімін алып жүру ауыр болады, - деп.

Расында да солай. Ұлық Пайғамбарымыз сапарға шыға қалса барған жерінің атауын, адамдарының атын сұрайды екен. Егерде ол жағымсыз мағынада болса оны өзгертіп, басқа ат қойып отырған.

Айтып айтпай не керек, сол төрт бала мына жарық дүниеде тұрды. Алайда балалардың есімдері өзгере қоймады.

Бақилық сапарға Шөлкен бабамызда, Қали әкеміз де аттанады. Бабамыздікі кәрілік. Ал әкеміздікі кәдімгі қазақ ішіндегі көреалмаушылық.

Қали әкеміз қазақы ған. Шиеттеи балаларға әмеңгерлік жолмен әкесінің немере бауыры Салғи әке болады.

Бұл кісінің де ел ішіндегі беделі салмақты болған. Аяқтыға сөз бермеген, тілмар адам болған. Елінде Сақаң атанған. Сақаң айтты деген әңгімелер ел ішінде әлі айтылып жүр.

Сол Сақаң әкеміз ойланып жүреді. Шөлкен бабамыздың айтып кеткен аманаты бар. Қалай болар екен деп. Ақыры бір күні шешімге келеді.

Балалардың шегір көзді, қылаңын - Ноғай, қой көзді коңырын Қазақ деп қайта тергейді. Айтпақшы менің есімімді де осы Сақаң тергеген.

Сөйткен балалар тұрыпты.

Қайырбердінің атын қайта тергеуге дәті шыдамаған. Айша да солай. Бәрін Раббым көріп тұрады ғой.

Сақаң менің көрген адамым. Сол кісі айтып отырар еді:

Раббым рақымшылық жасады, - деп.

Осы балалардың бәрі де сәмбі талдай жарыса өсті. Ішіндегі пысығы, іштісі Ноғай болды. Жастайынан тастағы жазуға үйір болды.

Ауылдан да ол кезде оқығандар шыққан. Со-

ықпалымен қолына қалам ұстады. Алғашқы шимайларына сол кісі төрелік айтты.

Жақсылардың ізіне түсіп рабфакты бітіріп алады. Қашақ болып жүріп 34-ші жылы совпарт мектебін де тауысады. Журналист мамандығын алады. Бұл енді Жүсекеңнің тікелей ықпалы болатын.

Қарқаралы, Шет аудандық, Балқаш қалалық газеттерінде қаламгерлік қайратын танытады.

Алғаш рет 1931 жылы ұсталады. Ұлы кәмпескеде қайын жұртын жақтаған-мыс. Қайын жұрты шынында да малды болатын.

Семейге айдалып бара жатқанда айдау машинаға қазақтың дөңмаңдай ұлы Мұхтар Әуезов те тиеледі. Жолда қазақ жігіттері қашып кетпекші болады. Оларды Мұхаң тоқтатыпты. Арты жаман болады деп.

Ноғай әкеміз Сол жаладан құтыла алмайды. Сотталып кете барады.

37-ші жылы қайта ұсталады. Теріс көзқарасты мақалалар жазды деген кінә тағылады.

Жазасын Сібірде өтеуге кесіледі. Оның ішінде түкірігі жерге түспейтін тыныстайын...

Осыдан кейін қайтып қолына қалам ұстамайды.

Ноғайдың айдалуы айналасына да ауыртпалық ала келеді. Контрдың ағасы ретінде Қайырберді де отырады. Ауылда қалған Қазақ та көз түртпекке ұшырайды.

Алланың аққа жақ екені белгілі. Кейін қуынып жүріп партиялығын орнықтырып алды. Кеңес қызметіне араласты. Ақтоғай өңірінде белді қызметтер атқарды.

Баяғы тепең жылында

**Қазақтың барлық өмірі атпен байланысты болған. Қазақ тұрмысының өлшемі - ат болған.**

**Аттың жетпейтін жері жоқ. Сондықтан қазекем мына жалғандағы аз - кем жарық күнін атжетер деген.**

**Ноғай әкеміз өмір бойы ат үстінде өтті.**

**Ол кісінің аты жетер жеріне жетті деп білемін.**

**12.05.2006.**
**Ақшатау.**



# ОЙМЯКАНДА

## II

**Люди теплые, живые,**
**шли на дно...**
**л.твардовский.**

КСРО саяси террор Құрбандары - Құрбандар тізімінде толық болмаса да мынадай деректер келтірілген.

Қалиев Ноғай. 1910 ж.т., Қарағанды обл., Шет ауд., Ақсу-Аюлы к.; қазақ; білімі бастауыш; редактор, Шет газеті.

Бұл бірінші сотталуы емес. Алғаш рет 1931 жылы ұсталады. Жеке бастың аталмыш парағында оның 1938 жылы 27 мамырда Шет НКВД-ның соттағаны көрсетілген.

Демек Ноғай Қалиұлының сотталғанға дейінгі қызметі Шет аудандық газетінің редакторы болған. Басқа бір мұрағат деректерінен ол кісінің Қарқаралы аудандық, Балқаш қалалық газеттерінде істегені жөнінде дерекке кездескеніміз бар. 70 жылдығын атап өткен Шет аудандық басылымы өз редакторларының тізбесін жариялады. Бірақ, ол кісінің есімі ясай қызметкерлер тізімінде де болмай шықты. Осы басылымның редакторы болып істеген басшылары да аймақты алып жатты (ҚарЛАГ, Бал/қашЛАГ, АқтөбеЛАГ, Степ ЛАГ, Екі/бастузЛАГ, Шым/кентЛАГ, т.б., ЛОН-дар (ерекше бағыттағы лагерлер) - Алжир, Петропавл, Семей). Бул рет саны бойынша бесінші аймақ болатын. Оларда бас еркінен бес жылдан жоғары мерзімге кесілгендер отырды.

Советтік жаншу аппараты бірден іске кіріседі. Алдымен Қарлагка отырғызады 6 айға. Сонан кейін ғана барып этаппен арнаулы конвоймен Верхоянскіге жөнелтіледі.Ашық-тесік тауар вагондарына тиелген оларға жылы киім берілмеді, су тәулігіне бір рет берілді. Көбінесе кепкен нанмен шектеп отырды.

ГУЛАГ Ноғай Қалиұлын контрреволюционер ретінде қарсы алады. Лагерлердің бәрі бір типті еді.Тікенек сымды қор-шаудың бірінші қатарының биіктігі бір метр, негізі болып саналатын екінші қатардың биіктігі 3-4 метр болатын Төрт жағында боса-болмаса қарауыл мұнарасы. Ортасында медсанчасть, штрафизо, оның сыртын алып барактар жайғасқан, Изолятор нағыз бекіністермидай даланың дәмін солай татады. Чай-Урьяға жетіп забойщик болады. Бұл - СеввостЛАГ, Қиыр-Солтүстік НКВД-ға қарайтын. Бұл «Дальстрой» деген сөз. Ондағы тұтқындар негізінен алтын, қола, біраз мөлшерде вольфрам, басқа да түсті металдар өндірді. Ноқаң еске алады:

Бұл бір құмырсқа илеуіне ұқсайтын. Мындаған тәшкелі тұтқынның қозғалысы бір ырғаққа түскен. Күннің жарығымен 12, одан қалса 16 сағат үзбей жұмыс істейміз. Мамыр айының басынан қыркүйек айының ортасына дейін бұл тірлік әсте тынбайды. Тұтқындар мұнда бір маусым ғана істейді. Одан әріге жарамайды. Көбісі үш айдан аспайды. Буындарын ұстай алмайды. Сол тірі, жылы күйінде жер астында қалып жатты... Ал олардың орындарын жаңадан келіп жатқандар толтырып отырды...

Чай-Урья Магаданнан 600 шақырым шалғай жатқан жүлгі. Шахта дегені айтарға ғана. Ноғай әкеміз еске алады:

Шахтада тіктеп жүре алмаймыз.Айтмағанбет екеуіміз бір қайла мен сүңгіге жегілдік. Жері тоң, алдырмайды. Дәрімен атып алады. Байқамай тол (дәрі) салынған шұңқырды ломмен ұрайық. Келер сәт қатты жарылыс болды. Қарағанды облыстық соты қылмыстық құрамы болмағандықтан Ноғай Қалиұлын ақтайды. Алайда...

Мен мұның бірін де білмедім. Қашуды да ойластырасың. Бірақ, қашқанның барлығы қарауылға жем болып жатты. Әрқайсымыздың сол жақ омырауымызда литерлер болды. Онда кімнің қандай аурумен ауырғаны, қашыппысқандары, босатылғандары айқайлап тұрады. Солардың көбісінің үшінші нөмірге жеткендері некенсаяқ болды. Мен тірі келем деп ойламадым... Пеллагара деген ауру болды. Витамин жетіспегендіктен. Он адамның тоғызы содан кетті. 1940 жылы лагерде 10 мыңның үстінде, ал келесі жылы 15 мыңның үстінде адам қырылды. Олардың барлығы да жағармай құйылып өртелді...

Чай-Урьяда Ноқаң 4,5 ай жұмыс істейді. Мұндағы жұмысқа жегілгендер не бәрі бір айдың әрі-берісінде шахтада қалған. Иоқаң содан аман қалады. Ол жарты ай істеген болатын. Қалған уақытында даярлық жұмыстарында болады. Мұндағы алтын маусымы төрт аймен шектелген. Мамырдан қыркүйекке дейін...

Ноқаң еске алады...

Олардың барлығы да дистрофиядан кетті. Бұл құр сүлдері деген сөз. Тірі Сондықтан, тұтқындарды шығармауға тырысатын. «Мәскеулік сот» деген болды. Ешқандай сотсызақ жаза кесе беретін. Сондай себеппен мен де қайта алмадым...

Ноқаң қалайда оқыған адам. Оның үстіне партшколды бітірген. Ол кісіге еркін қоныстану мәртебесі беріледі.Көрейін деген жарығының болғаны да. Тіркеуші болып жұмысқа ілігеді.

1943 жылы жаудың беті кайтқанда еркін қоныстанушыларға кеңшілік жасайды. Ол алғашқылардың бірі болып үлкен материкке бет түзейді. Баяғы «Дальстрой» пароходымен. Жанындағы баяғы Айтмағанбет жолдасымен Іркітте жолығысады...

Ноқаң айтады...

Қуанған адамда да ес болмайды екен. Біраз адам қайтар жолда жынданып кетті...

Бұл кісілер аман оралады. Ноғай Қалиұлы сот үкімімен ақталғаннан кейін де 4 жыл кеңестік концентрациялық лагерьде отырды.

**P.S: ҚАЛИҰЛЫ Ноғай (1910-1976), Қарқаралы уезі Ақшатау болыстығының оныншы а.-да дүниеге келген. Күйші, сазгер, ақын. Жиырмасыншы жылдардың басында Қарқаралыда оқиды. Кейіндеу рабфак, совпарт**

ешқандай дәйектеме бере алмады.
Осыған қарамастан
Ноғай Қалиұлының Шет аудандық газетінде редактор болып істегенін анық деп білеміз. Өйткені қамауға алынып, сотталғандардың барлығында соңғы жұмыс орыны жазылған.
Оның үстіне Қиыр-
Солтүстік НКВД Бас құрылыс басқармасының ашқан еңбек кітапшасында мамандық деген жолға журналист деп жазыпты.
Сотталды: Қарағанды
облыстық сотының 1939 жылғы 19 мамырдағы үкімімен, РСФСР ҚК 58-7,58-11 баптарымен айыпталады.
Бұл бап ауыр қылмыс-
қа жатады. Бұл деректі сұрау салуымызбен ҚР ҰҚҚ Қарағанды облысы бойынша департаменті беріп отыр. РСФСР ҚК бойынша 58-бап мемлекеттік қылмыс және контрреволюциялық іс-қимыл әрекеті болып табылады.
Тергеу күндіз-түні
жүргізіліп бір жылға созылады. «Қара елестер» Ноқаңның соңына 1937 жылы түседі. Қанша бой жасырғанымен келер жылдың 27 мамырында қолға түседі.
Үкім етті: 1939 жылғы
19 мамырда, 15 жыл ИТЛ-ға (еңбекпен түзеу лагері-не)...
Советтік еңбекпен
түзеу лагерлері үшін КСРО жері сегіз аймаққа бөлінді. Соның біреуі Қазақстанда ұланғайыр
ден тұрды, олар жеке және жалпы камералар болып бөлінді.Ноғай екеуінде де отырып шыққан. Төбесі кісі бойы бөренелермен жабылған, асты бетондалған. Одан қашып шығу мүмкін емес еді.
Верхоянскіні суықтық
полюсы дейді. Ноқаң отырған сол жылдары Сібірде ересен суық тұрды.
Ауаның температурасы кей күндері 60 градустан да төмендеді. Адамның итжандылығын сонда көрген. Кәдімгі қара, қызыл бұрыштарды араластырып үгіп, денелерін ысқылап жан сақтаған күндері аз болмаған. Ал, көбісі сол жатқан төсектерінен тұрмады. Оларды сыртқа сүйреп шығарып, кәдімгідей ағаш қалағандай қалап қоятын. Сонсоң жағармай құйып, от қоятын. Сонда әлгі «мәйіттер» тірілер еді. Екі қолдарын ербеңдетіп бағыт-бағдарсыз ащы айқайлармен ес-түссіз маңырар еді. Айдалаға... Мұны жайбарақат көру мүмкін емес еді...
Мұнда да көп тұрақта-
майды. Келесі этаппен Оймяконның өзінен шығады. Ондағы суықтық 70 градуска дейін барған.
1939 жылы 70,4 мың, ал
келесі жылы 47,3 мың тұтқын келеді. Ноғай әкеміз осы кейінгісімен келгендердің бірі. Тамыз айының басында Владивостоктан шыққан «Дальстрой» пароходы Нагаев бұғазына зәкір тастайды. Түкірік жерге түспейтін
Көз алдымыз қараңғы болды да қалды. Есімізді жиғанда төбеге барып қадалған ломды көрдік. Біресе жыладық, біресе күлдік. Аман қалғанымызға қуанған түріміз ғой.
Айтмағанбет Ибраев Ақтоғай ауданының Жәмші ауылының тумасы. Тағдырдың салғанын қараңыз бұлар қазақ топырағында емес, сонау Сібірде табысады. Бәрі шыбындай қырылғанда екеуі аман қалады. Елге де бір керзі етікті кезек киіп, аман жетеді.
Алтын маусымына төтеп бергендер қатарында бұлар да болады. 1941 жылдың 1 қаңтарында бұлар да босайды. Ноқаң еске алады.
Тірі қалғаныма сенбегем. Бүгін жаныңызда жатқан адам ертеңінде тұрмай қалады: Діңгене дегені тағы бар. Ауыздан алады.
Оларды сауықтырамыз деп ешкім де әуре болмайды. Олардың емі шірет деп автоматпен қырып салады. Сонан тал қармайын. Есіме Мұхаң, кәдімгі Мұхтар Әуезов түсіп, жағдайымды айтып хат жазайын... Өйтетінім ол кісіге біраз қызмет көрсетіп едім. Қыр әңгімелерінен хабар беріп едім. Бірақ хаттың Мұхаң қолына барып жететініне сенбедім...
Жеткенде қандай. Жетпек тұрсын Мұхан Мәскеудегі таныстарын іске қосып, Ноқаңның ақталып шығуына себеп болады. 1940 жылғы 19 ақпанда
әруақтар десе де болады. Зомби десе де болар. Әлде жанкештілер... Өйтетіні бір ай істесе болды босатады... Олардың орнын кейінгі келіп жатқан тұтқындармен толтырады...
Ноқаң енді Бас басқар-
манның қарауына жіберіледі. Жүк тасушы болып. Ол да ел сияқты бір тәшкеге ие болады. Оймякондағы жол құрылысына қатысады. Мұндағы суықтық 70 градусқа дейін барады...
Ноқаң еске алады...
Бұл құрылыс мындаған
шақырымды алып жатты. Әрбір он бес шақырым сайын лагерь бекеттері орналасқан. Мұндағы бастысы - қозғалыс. Елдің бәрі қозғалыста болады. Жұмыс 24 сағат бойы жүреді. Қозғалмасаң қатып қаласың...
Ноғай әкеміз мұнан да
аман қалады. 1941 жылғы 6 маусымда материкке шығарылады... Соғыстың басталуына 16 күн қалған...
Ноқаң айтады...
Совет Одағы соғысқа
қамсыз кірісті деген бос сөз. Сол лагерьде жатып соғыстың басталатынын білдік. 1941 жылы бізге бар жоғы 5 мың тұтқын келді. Соның жартысына жуық адамын алып кетті. Нағыз баскесерлерді... Әрине, майданға... Біздер де сұрандық. Алайда, жібермеді. Материкке шығарылғанымыз да бос сөз еді. Өйткені, лагерьде адам жетіспей жатты.
**мектептерін бітіреді. Журналист мамандығын алады. Қарқаралы, Шет ауданында, Балқаш қалалық газеттерінде қарымды қаламгердің бірі болады. Қу ауд. комсомол қызметінде жүргенінде (1928-1930) қызыл кәмпескені қуаттамағаны үшін қамауға алынып, Алматы түрмесінде М.Әуезовпен бірге отырады. 1938 жылы теріс көзқарасты мақалалар жазғаны үшін халық жауы болып ұсталады. Жазасын Сібірде (Колыма, Оймякон, Верхоянск, Сахалин) өтейді. «Сибдаль» шахталарында забойшы болады. Қазақтың біртуар ұланы М.Әуезовке өзінің ақтығын айтып хат жазады. Сол кісінің араласуымен 1940 жылы босап шығады. Кейін қажырлығының арқасында партиялылығын қайтып орнықтырады. Қоңырат, Шет ауданы шаруашылықтарында колхоз басқармасы, ауылдық кеңес төрағасы болып істейді. Ноғайдың қайырмасы аталатын әні ел ішінде кеңінен таралған...**

(«Шет ауданы» энциклопедиясынан).

**Г.8 2: «Дальстрой» арқылы 1 миллион адам өтті...**

**(Вера Диденконың «Дело Московской бригады» кітабынан).**